

А.И. ИСАЕВ

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: abdinabi.isaev@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0000-0002-1850-6961>*

БОЛАШАҚ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ-ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ БАҚЫЛАУШЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде оқыту барысы мен оқыту нәтижелерін бақылау-бағалауға үлкен мән берілуде. Мектеп қабырғасындағы жаңартылған білім беру жағдайында бағалау әрекеттері басымдыққа ие. Бақылау басқарудың негізгі функциясы болып табылады және бағалаудың дұрыс жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Мектептегі бақылау жұмыстары толық мәнді жүзеге асырылуы үшін педагогтің арнайы даярлығын, яғни бақылаушы құзыреттілігін талап етеді. Осы мақсатта бақылау бойынша жалпыпедагогикалық даярлықты қамтамасыз ететін пәндер педагогикалық жоғары оқу орындарында оқытылады (Педагогика, Бағалаудың критериалдық технологиясы) және әрбір мамандыққа сәйкес әдістемелік пәндерде бақылау мен бағалауға шамалы уақыт бөлінеді. Бұл мәселелер, педагогтардың бақылаушы құзыреттілігін жоғары деңгейде қалыптастырмайды. Сол себепті де аталған бағытта даярлықты қамтамасыз ету үшін арнайы пәндер мен пәнаралық байланыс арқылы оқу материалдары мен іскерліктерін жүзеге асыру қажеттілігі туындайды.

Мақалада болашақ дене шынықтыру, жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігін анықтау бойынша жүргізілген жұмыстар мен зерделеп отырған даярлықты қамтамасыз ету бағытын қамтамасыз ететін мамандық пәндерінің мүмкіндіктері қамтылады. Бақылаушы құзыреттілікті анықтау бағытындағы сұрақтар тізбегі ұсынылады. ЖОО болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары (әдіс-тәсілдері) қарастырылады.

Кілт сөздер: бақылау, құзырет, құзыреттілік, жаттықтырушы, бақылаушы құзыреттілік, жаттықтырушы-оқытушы, болашақ жаттықтырушы-оқытушы.

A.I. Issayev

*Senior Lecturer of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: abdinabi.isaev@ayu.edu.kz*

Controlling Competencies of Future Trainers-teachers and Ways to Improve Them

Abstract. At the present stage in the education system, great importance is attached to the control and evaluation of the course of study and learning outcomes. In the conditions of renewed education within the walls of the school, evaluation actions are a priority. Control is the main

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Исаев А.И. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігі және оларды жетілдіру жолдары // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2022. – №1 (123). – Б. 124–135. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.11>

***Cite us correctly:**

Isaev A.I. Bolashaq zhattyqyturushy-oqytushylardyn baqylaushy quzyrettiligi zhane olardy zhetildiru zholdary [Controlling Competencies of Future Trainers-teachers and Ways to Improve Them] // *Iasau universitetinin habarshysy.* – 2022. – №1 (123). – B. 124–135. <https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.11>

function of management and ensures the correct implementation of the assessment. Control work at school requires special training of the teacher, i.e. the competence of the controller, in order for it to be carried out in full. To this end, disciplines that provide general pedagogical training in control are studied in pedagogical universities (Pedagogy, criteria-based assessment technology) and in methodological disciplines corresponding to each specialty, little time is allocated for control and evaluation. These questions do not form a high level of supervising competence of teachers. Therefore, in order to provide training in this direction, there is a need to implement educational materials and skills through special disciplines and interdisciplinary connections.

The article highlights the work carried out to determine the controlling competencies of future trainers-teachers of physical culture and the possibilities of the disciplines of the specialty that provide the direction of training being studied. The sequence of questions in the direction of determining the controlling competence is proposed. The ways (methods) of forming the observational competence of future trainers-teachers of the university are considered.

Keywords: control, competence, competence, coach, controlling competence, coach-teacher, future coach-teacher.

А.И. Исаев

*старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета
имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: abdinabi.isaev@ayu.edu.kz*

Контролирующие компетенции будущих тренеров-преподавателей и пути их совершенствования

Аннотация. На современном этапе в системе образования большое значение придается контролю и оценке хода обучения и результатов обучения. В условиях обновленного образования в стенах школы оценочные действия являются приоритетными. Контроль является основной функцией управления и обеспечивает правильное осуществление оценки. Контрольная работа в школе требует специальной подготовки педагога, т.е. компетентности контролера, для того, чтобы она осуществлялась в полной мере. С этой целью дисциплины, обеспечивающие общепедагогическую подготовку по контролю, изучаются в педагогических вузах (Педагогика, Критериальная технология оценивания) и в методических дисциплинах, соответствующих каждой специальности, на контроль и оценку отводится незначительное время. Эти вопросы не формируют высокий уровень контролирующей компетентности педагогов. Поэтому для обеспечения подготовки в данном направлении возникает необходимость в реализации учебных материалов и умений через специальные дисциплины и межпредметные связи.

В статье освещаются проведенная работа по определению контролирующих компетенций будущих тренеров-преподавателей физической культуры и возможности дисциплин специальности, обеспечивающих изучаемое направление подготовки. Предлагается последовательность вопросов в направлении определения контролирующей компетенции. Рассматриваются пути (методы) формирования наблюдательной компетентности будущих тренеров-преподавателей вуза.

Ключевые слова: Контроль, компетенция, компетентность, тренер, контролирующая компетентность, тренер-преподаватель, будущий тренер-преподаватель.

Кіріспе

Педагогикалық үдерістің бастапқы буыны оның мақсаты болып табылады. Оқыту мақсатына сәйкес ұйымдастырылған оқыту үдерісінің нәтижесі болады. Бұл

педагогикадағы негізгі мәселе және ол қазіргі кезеңде кеңінен зерделеуді және жетілдіруді қажет ететін оқу-тәрбие үдерісінің негізгі буыны болып табылады.

Ғылыми педагогикалық зерттеу еңбектерінде бақылау әртүрлі педагогикалық тұжырымдама аспектісінде де сипатталған (Л.В. Занков, В.В. Давыдов, П.Я. Гальперин, Д.Б. Эльконин). Олардың ішінде педагогикалық бақылау мәселелерін зерттеу үшін олардың бірлігінде педагогикалық бақылаудың білім беру (оқыту) және дамыту функциялары қамтылған ғылыми еңбектер маңызды болып табылады (В.И. Андреев, Ю.К. Бабанский, С.П. Баранов, В.В. Давыдов, М.И. Махмутов, П.И. Пидкасистый, Л.Ф. Спирин, Т.Н. Шамова, Г.И. Щукина, И.С. Якиманская).

Көптеген зерттеулерде мұғалімнің бақылау іс-әрекетінің ерекшеліктері пәнді оқыту әдістемесіне сәйкес ұсынылғанын көруге болады. Педагогтің бақылау іс-әрекеттері оның құзыретінің құраушысы ретінде қарастырылады.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған зерттеулерде педагогикалық бақылау технологиясы мәселесінің әртүрлі аспектілері көрініс тапты. Осыған байланысты С.И. Архангельский, Б. Барсай, Б. Кенжебеков, Н.В. Кузьмина, Е.А. Климов, Ю.Н. Кулюткин, М.М. Левина, А.К. Маркова, Ш.Т. Таубаева, В.А. Слостенин және басқа зерттеушілер еңбектері осы бағыттағы зерттеулерде ерекше маңызға ие болып табылады.

Мектеп оқушыларының, жастардың дене шынықтыру саласы үшін мамандарды кәсіби даярлау (Б. Төтенаев, М.Б. Сапарбаев, Б.А. Тойлыбаев, Ж.К. Оңалбек, А.Қ. Қарақов, Қ.Т. Жанабаев, Т.А. Ботағариев, Б.Қ. Мұхамеджанов, Ш.Б. Оразов, А. Акшораев, Ә. Бүркітбаев және т.б.) мәселелері қарастырылған. Десек те, аталған жұмыстарда дене шынықтыру мұғалімдерінің, жаттықтырушы-оқытушылардың, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігі мәселесі қарастырылмағандығын аңғаруға болады.

Қазіргі уақытта екінші жағынан шетелдердегі спорттандыру мәселесі мектеп жасындағы дене шынықтыру (тәрбиесі) пәнін оқыту бойынша ұйымдастыруды қайта қарауды талап етеді.

Жалпы жүргізілген зерттеу жұмыстарын теориялық талдау болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылау құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің жеке дара зерттелмегендігін көрсетеді. Арнайы, жоғары педагогикалық білімі мен дайындығы бар дене шынықтыру және спорт мамандары – мектеп мұғалімі немесе жаттықтырушы-оқытушы қызметін атқаруы мүмкін. Теориялық және практиканы зерделеу барысы қазіргі жағдайда педагогтардың бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыру қажеттігінің артқандығын көрсетеді.

Осы айтылып өткендер болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-тәрбие бойынша бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыруда қарама-қайшылықтар бар екендігін көрсетеді, олар:

- оқушылардың дене тәрбиесінің, мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптастырылуын бақылау мен бағалауға қоғамдық сұраныстың болуы мен әрекет етуші жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігінің жеткіліксіздігі;

- спорт түрлері бойынша жаттықтырушы-оқытушыларды даярлауда бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыру көкейкестілігі мен оның жоғары оқу орындары оқу-тәрбие үдерісінде теориялық тұрғыда негізделмеуі;

- жоғары мектеп оқу-тәрбие үдерісінің болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндіктерінің болуы мен ол бойынша әдістеменің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтың орын алуы. Бұл өз кезегінде біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбы мен бағытын айқындауға негіз болған болатын.

Мақаланың мақсаты: жоғары педагогикалық білім беруде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігін қалыптастырудағы оқу пәндері мүмкіндіктерін зерделеу және оны жетілдіру мақсатында оқу жұмыс мазмұнын айқындау.

Мақсатты жүзеге асыруда төмендегідей міндеттер қарастырылды:

- зерттеулерге сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігін анықтауға бағытталған сұрақтар тізбегін анықтау;
- жоғары оқу орындарында жаттықтырушы-оқытушылардың құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған пәндердің мүмкіндіктерін айқындау;
- болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған оқу жұмыстарын анықтау.

Жоғарыда айтып өткендей болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін даярлау мәселесімен көптеген ғалымдар айналысқан. Ал олардың құзыреттіліктерін қалыптастыру туралы зерттеу жұмыстары соңғы кезеңдерде кеңінен қолға алынғаны белгілі. Жүргізілген зерттеу жұмыстарын төмендегіше көрсетуге болады:

- дене шынықтыру мұғалімдерінің әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру (И.Х. Мешев, [1]);
- болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби-тұлғалық өзін жетілдіру құзыреттілігін қалыптастыру (К.А. Маринченко, [2]);
- болашақ педагог-жаттықтырушылардың еркін күрес бойынша кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (Н.В. Никифоров [3]);
- болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру (ұлттық спорт материалында) (Б.С. Омаров, [4]).

Аталған зерттеу жұмыстарында зерттеу бағыты бойынша теория мен практиканы талдау, оқыту мазмұнын құрастыру немесе жетілдіру, оқу/оқыту әдістері мен тәсілдерін ұсыну, жоғары нәтижеге бағытталған әдістемені әзірлеу және оны практикада жүзеге асыру мәселесі қарастырылады.

Сонымен қатар, көрсетілген зерттеу жұмыстарында негізінен дене шынықтыру мұғалімі мен жаттықтырушы-оқытушыларға қажетті құзыреттерді қалыптастыру қарастырылады. Десек те, ұйымдастырылған оқу, жаттығу жұмыстары барысын және оның нәтижесін бақылау бойынша құзыреттіліктерді қалыптастыру кеңінен қарастырылмайтынын аңғаруға болады.

Қазіргі кезде педагогтің бақылау құзыреттілігі басты мәнге ие болып тұр. Оның себебінің бірі – бағалауға деген басымдық берілуінде. Зерттеу жұмысымызға сәйкес біздер дене шынықтыру мұғалімі мен жаттықтырушы-оқытушының бақылау құзыреттілігін қарастырылатын боламыз. Мақала көлемінде бақылаушы құзыреттілікті ЖОО қалыптастыру барысы туралы мазмұндалады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу тақырыбына сәйкес оның теориялық негіздері анықталуы тиіс. Зерттеліп отырған сапалық қасиеттерді болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау барысында қалыптастыру жағдайы мен мүмкіндіктерін қарастыру зерттеу әдістері негізінде айқындалады.

Зерттеу бағыты бойынша жүргізілген ғылыми-еңбектерді, әзірленген оқу, оқу-әдістемелік құралдарды зерделеу, талдау әдісі негізінен зерттеудің теориялық тұғырларын, ұғымдарды анықтауға мүмкіндік береді. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын, оның ішінде оқу жоспарларын, оқыту бағдарламаларын зерделеу (оқып үйрену, талдау) қарастырып отырған сапалық қасиеттерді оқытудың мазмұндық аспектісінде қамту мүмкіндіктерін қарастырады.

Зерттеу жұмысына және мақала тақырыбына байланысты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы (мамандығы) білім алушыларының оқу жұмыстарына бақылау жүргізу әдісі негізінен практикалық тұрғыдан оқу жұмыстарының, әдістерінің зерттеп отырған мәселені

қаншалықты қамтитынын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлауға бағытталған кафедралардағы іс-құжаттарды зерделеу зерттеп отырған сапаны қалыптастыруды жобалау мен оны жүзеге асыру бойынша жұмыстардың жоспарлануын анықтауға бағдарлайды.

Талдау мен нәтижелер

Жоғарыда кіріспе бөлімінде айтып өткендей, қазіргі кезеңде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыру зерттеудің қарама-қайшылықтары арқылы айқын көрініс табады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының өзектілігіне осыған дейінгі жазылған ғылыми мақалалардағы зерттеу нәтижелерінің қорытындылатын айтуға болады. Олар [5, 6, 7, 8]:

- мектеп жасындағы балалардың спорттық шұғылданыс кезіндегі жарақаттарды алуы мен спорттандыру мәселесінің қолға алынуы;

- оқу үдерісін, оның нәтижесін бақылау мен қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың жүзеге асырылуы;

- жаңартылған білім беру жағдайына сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы іскерліктерін, құзыреттіліктерін жетілдіру қажеттілігі.

Біз теориялық зерттеу нәтижесінде: «жаттықтырушы-оқытушының бақылаушы құзыреттілігі – пәндік іс-әрекет саласы бойынша педагогикалық бақылау түрлері мен әдістері, формалары, нәтижелері туралы білім, педагогикалық тұрғыдан бақылау іскерліктерін жүзеге асыру іскерліктері мен бақылау және өзін-өзі бақылау мен бағалауды, өзін жетілдіруді жүзеге асыру қабілеттілігі» ретінде анықталған болатын [8, 241-б.].

Жоғары оқу орындарында болашақ жаттықтырушы-оқытушылар бақылаушы құзыреттіліктің аталған құраушыларын меңгеруде оқу мерзімі біткенше әртүрлі пәндерде зерделейді және оқу жұмыс түрлерін орындайды. Теориялық білімді педагогикалық пәндерде меңгереді, әдістемелік пәндерде іскерліктерді игереді. Ал сапалық қасиет ретіндегі өзін-өзі бақылау мен бағалау, өзін жетілдіру барлық пәндер бойынша, оның ішінде педагогикалық, әдістемелік және арнайы дайындық пәндерінде де жүзеге асырылады. Педагогикалық, кәсіби практика барысында алған білімдерді практикада қолдану және жүзеге асыру қарастырылады [8, 241-б.].

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған зерттеу жұмысымыз 2017–2018 оқу жылында дене шынықтыру және спорт мамандығының 2-курс (аяғында) білім алушыларына оқыту бойынша төмендегідей сұрақтар қойылды:

- 1) Бақылау дегенімізді қалай түсінесіз?
- 2) Педагогикалық бақылаудың түрлерін атаңыз.
- 3) Педагогикалық тұрғыдан бақылау әдістерін атап көрсетіңіз.
- 4) Оқу-тәрбие үдерісінде ағымдық бақылауды жүзеге асыруды түсіндіріңіз.
- 5) Тақырыптық бақылауды жүзеге асыруды сипаттаңыз.
- 6) Оқушылардың теориялық мағлұматтар бойынша білімін бағалауды негіздеңіз.
- 7) Оқушылардың оқу жаттығу бойынша іскерліктерін бағалауды негіздеңіз.
- 8) Үлгерімі нашар оқушыларға көбірек жеке бақылауды жүзеге асыруды түсіндіріңіз.
- 9) Сынақтық жүйе элементтерін қолдануды сипаттаңыз.
- 10) Оқушылардың өзіндік бақылауын және өзара бақылауын ұйымдастыруды атап көрсетіңіз.

Берілген тапсырма (сұрақ) бойынша студенттер мүмкін болатын 100 пайыздық көрсеткіштің 45 пайызын ғана жинақтады. Дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің «Оқушыларды оқу-тәрбие үдерісіне баулуда бақылауын» анықтауға байланысты көрсеткіштер олардың білімдерінің түсіну деңгейінен де төмен екендігін

көрсетті. Анықталған мәселе студенттердің әлі де педагогикалық курстарды жеткілікті оқымағандығымен түсіндіріледі.

Студенттердің берілген тапсырмаларға берген жауаптарын бағалау жалпы спорт дайындық бағытындағы пәндерді оқыту үдерісінде қолданылатын бағалау критерийлері негізінде жүзеге асырылды. Оның шкаласы төмендегіше:

- 100–90 ұпай – жетістігі өте жақсы;
- 89–75 ұпай – жетістігі жақсы;
- 74–50 ұпай – қанағаттанарлық жетістік;
- 49–0 ұпай – жетістігі төмен.

Біздер зерттеуімізде түсіну деңгейінің көрсеткіші ретінде: студенттердің «қалай?», «неліктен?» сұрақтары мен «сәйкестендіру», «салыстыру» тапсырмаларын ойша орындауы мен мысалдар келтіріп, өз сөзімен ойын жеткізуі қарастырылды.

Берілген сұрақтар бойынша студенттердің берген жауаптарын талдау төмендегідей пікірлерді топтауға мүмкіндік береді:

- студенттер жеткілікті бақылау түрлерін білмейді немесе толықтырып айта алмайды;
- бақылау әдістері туралы түсініктері әртүрлі және төмен деңгейде;
- оқушылардың өзіндік бақылауын ұйымдастыруы бойынша білімі төмен, т.с.с.

Сондай-ақ, дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша жоғары курс (3-курстың соңы мен 4-курстың басында) білім алушыларынан жаттықтырушы-оқытушы спорт түрлері бойынша төмендегідей тапсырмалар берілді:

- анықталған педагогикалық мақсаттарға сәйкес бақылау үшін оқу материалдарын, оқу-жаттығу іс-әрекеттерін іріктеуді жүзеге асыру әрекеттерін (операцияларын) көрсетіңіз;

- оқу материалдарын баяндауда және дене жаттығу іс-әрекеттерін орындауда қателердің пайда болу себептерін анықтау және оларды жою жоспарын жасау жөніндегі іс-әрекеттерін (операцияларын) түсіндіріңіз;

- орын алған қателіктерді (оқу материалдары және оқу-жаттығу іс-әрекеттері бойынша) түзетуді жүзеге асыру бойынша әрекетті (операцияларды) атап көрсетіңіз.

- білім алушының оқу жұмыстары бойынша өзін-өзі (іс-әрекетті) талдауды, өзін-өзі бағалауды және өзін-өзі түзетуді жүзеге асыру бойынша іс-әрекеттерді (операцияларды) атап көрсетіңіз және түсіндіріңіз.

- меңгерілген оқу материалдары мен игерілген іс-әрекеттер бойынша бағалау критерийлерін белгілеу және пайдалану бойынша әрекеттерді (операцияларды, алгоритмдерді) сипаттаңыз;

- меңгерілген оқу материалдарын және орындалған дене жаттығуларын бағалау талдауын қалыптастыру бойынша іс-әрекет (операцияларын) көрсетіңіз және түсіндіріңіз.

Берілген педагогикалық тапсырмаларға жауап беруде іс-әрекеттер реттілігін көрсетуде және оларды сипаттап жазу бойынша студенттердің білімді практикада жүзеге асыруы білімді меңгеруді «қолдану» деңгейінен және педагогикалық іскерлігі тұрғысынан іс-әрекеттерді орындауы дәлдік деңгейінен төмен екендігін көрсетті. Бағалауда 100 пайыздық көрсеткіштің 54 пайыздық көрсеткішпен меңгергендігі анықталды. Бағалау критерийлері ретінде төмендегілер алынды:

- 100–90 ұпай – білім алушы бақылау іс-әрекетін (операцияларды) толық дұрыс орындай алатынын көрсетеді;

- 89–75 ұпай – білім алушы бақылау іс-әрекетін аздаған қателіктермен орындайды;
- 74–50 ұпай – білім алушы бақылау іс-әрекетін елеулі қателіктермен орындайды;
- 49–0 – білім алушы бақылау іс-әрекетін толықтай қателікпен орындайды.

Алынған нәтижелердің төмендігі білім алушылардың оқу-тәрбие үдерісін бақылау үшін қажетті білімнің, іскерліктертің және жеке тұлғалық сапалық қасиеттердің толықтай қалыптаспағандығын көрсетеді.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігінің жеке тұлғалық сапалық құраушыларын анықтау үшін білім алушыларға төмендегідей сұрақтар қойылды:

- өзін-өзі бағалауды қалай жүзеге асырасыз?
- өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруды көрсетіңіз;
- бақылау-бағалауды әділ жүзеге асыру үшін не істейсіз?

- бақылау-бағалау нәтижесі бойынша озық білім алушы-спортшыны жарыстан шектеткенде ақиқатқа қол жеткізуге ұмтыласыз ба? Сол жағдайды түсіндіріңіз;

- спорт түрлері, оны ішінде оқу-жаттығу мен спорттық жарыстардағы бақылау бойынша қандай кітаптарды оқыдыңыз?

- тандаған спорт түрлері бойынша оқу-жаттығу мен спорттық жарыстардағы бақылауды бейне таспалардан (теледидардан) қаншалықты көресіз?

- спорт түрлері бойынша білім алушылардың оқу-жаттығу, спорт түрлері бойынша бақылау-бағалау жұмыстары Сізді қанағаттандыра ма?

- спорт түрлеріне баулуды және спорттық жарыстарды бақылау-бағалау бойынша ЖОО оқыту/үйрету қажет деп ойлайсыз ба? Себебін түсіндіріңіз.

Мамандық бойынша білім алушыларға педагогикалық бақылау-бағалау туралы ойлануға көптеген сұрақтар қойылды. Оларды даярлауда оқу жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылатын болса ғана білім алушыларды педагогикалық үдерістер бақылау мен бағалауға сәйкес даярлауды қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызуға болатыны айқындалды.

Зерттеу жұмысының барлық кезеңі анықталған бір мақсат аясында жоспарлы түрде жүргізілді. Анықтау экспериментінің нәтижелері болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылау құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесін жасап, оның тиімділігін тәжірибелік – педагогикалық жұмыста эксперименттік топ арқылы тексеру бағытында арнайы жұмыс ұйымдастырудың және оны өткізудің қажеттігін көрсетті.

Тәжірибелік-педагогикалық эксперименттік жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтында, 2017–2018 оқу жылында алғашқы эсперимент жүргізілді. Тәжірибелік-педагогикалық эксперимент жұмысына білім алушылар, мектеп мұғалімдері мен жаттықтырушы-оқытушылар қатыстырылды.

Зерттеу жұмысының анықтау экспериментінде жоғарыда аталған оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісінің нақты жағдайы мен спорт түрлері болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігінің бастапқы деңгейін анықтау үшін міндеттерді шешу қарастырылды.

Зерттеу тақырыбына байланысты 3–4-курс білім алушыларының жалпы педагогикалық бақылау және түзету енгізу білімдері мен іскерліктерінің деңгейін анықтау мақсатында төмендегі мазмұнда өзін-өзі бағалауына мүмкіндік беретін тапсырмалар берілді. Барлық сұрақ бойынша қосындысы 100 ұпай, әрбір сұраққа 1–10 ұпай аралығында бағалау жүзеге асырылды. Олардың мазмұны 1-кестеде көрсетілді (1-кесте).

1-кесте – Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылау және түзету бойынша білімдері мен іскерліктерін өзіндік бағалауы

Сұрақтар	Бағалау шкаласы
1	2
Оқу-тәрбие үдерісіне ағымдық бақылауды жүзеге асыра аласыз ба?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10
Дене шынықтыру және спорт түрлері бойынша оқу жұмысына (сабақ, арнайы дайындық, т.с.с.) тақырыптық бақылауды жүзеге асыра аласыз ба? Қаншалықты дайынсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10

1-кестенің жалғасы

1	2
Білім алушылардың білімі мен іскерліктерін бағалауды негіздеуге дайындығыңызды қалай бағалайсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10
Оқу-тәрбие үдерісінде үлгерімі нашар білім алушыларға көбірек жеке бақылауды жүзеге асыруға қаншалықты дайынсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10
Оқу-тәрбие үдерісі бойынша сынақтық жүйе элементтерін қолдана аласыз ба? Қаншалықты дайынсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10
Білім алушылардың өзіндік бақылауын және өзара бақылауын ұйымдастыруға дайындығыңызды.	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10
Жағдаяттың өзгеруіне байланысты алғашқы жоспарыңызды түзетуге уақыттың шектеулі болуына сәйкес қаншалықты дайынмын деп ойлайсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10
Білім алушыларының оқу іс-әрекеттерін (оқу жаттығуларын) ынталандыруды жүзеге асыруға дайындығыңыз қандай деңгейде?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10
Білім алушылардың оқу іс-әрекеттерін (оқу жаттығуларын) реттеуді жүзеге асыру, түзету керек пе? Оларды әзірлеуге Сіздің дайындығыңыз қандай?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10
Оқу іс-әрекеттері (оқу жаттығулары) барысында білім алушылардың өзіндік басқаруын ұйымдастыруды қалай бағалайсыз?	1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10

Жауап беріп болғаннан кейін жауаптарды төмендегіше бағалап, өзінің деңгейін анықтау тапсырылды. 10–50 – төмен деңгей, 51–75 – орта деңгей, 76–100 – жоғары деңгей.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігінің қалыптасуымен және білім алушылардың өзін-өзі бағалаудың нәтижелері төмен екендігін көрсетті. Берілген жауаптар әртүрлі болуымен қатар, кейбіреулері қызығушылық танытты. Білім алушылардың кейбіреулері әрі спортпен шұғылданғанды, әрі балаларды спортқа баулығанды жақсы көретінін байқатты. Зерттеу жұмыстарында Б. Омаровтың [4, 60–75-бб.] және тағы басқа да ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында қарастырылған әдістемелерді басшылыққа алдық.

Зерттеу жұмыстарын негізге ала отырып, біздер бақылаушы құзыреттіліктің білім алушының (анықтамаға сәйкес) үш құраушысынан: білім, іскерлік (психомоторлы дағдылар) және сапалық қасиеттерінен тұратыны назарға алынды.

Зерттеу нәтижелері бақылау және эксперимент топтарындағы білім алушылардың дене шынықтыру сабақтары мен спорт түрлеріне баулуда оқу жұмыстарын бақылау бойынша білімдері, іскерліктері мен жеке тұлғалық сапалық қасиеттерінің көрсеткіштері бойынша айқындалды. 2017–2018 оқу жылында спорт түрлері бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушының анықталған бақылаушы құзыреттілігі көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтаудағы өткізілген бақылау және эксперимент топтарындағы алғашқы бақылау қорытындысы, екі топтың көрсеткіштері де шамалары бірдей деңгейді көрсетті.

Анықтау эксперименті барысында спорт түрлеріне баулу бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыру барысына білім беру бағдарламалары мазмұнының үлесі зерделенді, талдау жасалды және олардың мүмкіндіктері қарастырылды.

Зерттеу тақырыбы бойынша талдауға алынған құжаттардың бастапқысы бекітілген және кезінде басшылыққа алынғаны жоғары кәсіби білім стандарты [9, 43-б.] және мамандық бойынша білім беру бағдарламалары зерделенді (2014–2015 оқу жылында бекітілген мамандық бойынша білім беру бағдарламалары).

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 5В010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша 2017 жылы қабылданған білім алушылар үшін әзірленген жұмыс оқу жоспарынан зерттеу жұмысына қатысты төмендегідей базалық (психологиялық-педагогикалық) даярлық бойынша оқу пәндерінің тізбегі анықталды: Психология, Педагогика, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Білім берудегі менеджмент. Сонымен қатар, кәсіптендіру пәндері бойынша: Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі, Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша пәндерді оқыту әдістемесі, Спорттың таңдаған түрінен кәсіптік жаттығушылық қызметін жетілдіру, Спорт менеджменті, Таңдап алынған спорт түрінің педагогикалық шеберлік негіздері, Дене шынықтыру және спорт психологиясы, Таңдап алған спорт түрінің спорттық жаттығу процесін басқару пәндері біздер зерттеп отырған сапаны қалыптастыру бойынша мүмкіндіктері қарастырылды.

Педагогика және педагогикалық менеджмент пәндерінде: бақылау, оның ішінде мектепшілік бақылаудың құрылымы, түрлері мен әдістері; оқу барысындағы диагностика және бақылау – қадағалау; білімді бақылау және бағалаудың түрлері, әдістері мен формалары; оқыту нәтижелерін бағалау және бағалаудағы жаңа бағдарлар; оқытудағы нәтижелерді бағалаудың дәстүрлі және жаңа әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылады. Бұл тақырыптар жалпы педагогикалық мәселелерді қамти отырып, мұғалімдердің, оның ішінде болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің басқаруға, бақылауға қатысты теориялық дайындықты қалыптастыруға бағытталады.

Сонымен қатар, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыруда педагогикалық тәжірибелердің маңызы жоғары екені айқындалды.

Аталған пәндердің оқу бағдарламаларын зерделеу негізінен даярлықты қалыптастыру басымдық беретінін көрсетті. Мәселен, «Дене шынықтыру және спорт педагогикасы» курсы бағдарламасы болашақ жаттықтырушы-оқытушының бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған негізгі мағлұматтардан төмендегідей оқу материалдарын толық мәнді қамтымағандығын көруге болады [10, 6–7-б.]: білім алушылардың: оқу-тәрбие жағдайларын талдауға, педагогикалық мәселелерді анықтап шешуге; сынып педагогикалық үдерісін және балалар спорттық ұжымын өздігінен басқаруға; спорттық-сауықтыру бағытындағы тәрбиелілік шаралар мен дене шынықтыру сабақтарын өткізіп, талдауға икемділігі болуы керектігі ғана көрсетілген. Бұл жалпы педагогиканың теориялық мәселелерін қарастырғанмен де, біз зерттеп отырған сапалық қасиеттерді қалыптастыруды нақты көрсетпейді.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушының бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыруда «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» курсының мәні жоғары [10, 124–138-б.]. Аталған пән бағдарламасында: мектептегі дене тәрбие жүйесін жоспарлау және бақылау мәселесі ғана қарастырылады.

Арнайы және әдістемелік пәндер: дене тәрбиесіндегі бақылау түрлері және әдістері; жас спортшылардың спорттық жаттықтыру үдерісін бақылау түрлері; жалпы дене шынықтыру білімін педагогикалық бақылау; дене тәрбиесіндегі педагогикалық бақылауға қойылатын талаптар; оқушылардың жалпы дене шынықтыру білімінің мазмұнын меңгеруін педагогикалық бақылау әдістемесі; дене тәрбиесі үдерісінде өзін-өзі бақылау мен хронометраж әдісі тақырыптарын қамтуы қажет. Аталған тақырыптарда дене тәрбиесіне оқушыларды баулудағы бақылау-бағалауға қатысты нақты оқу материалдарының қамтылуы айқын көрініс табуы тиіс.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушының жалпы әдістемелік дайындығын қалыптастыру бойынша дене шынықтыруды жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, т.б. тақырыптарда СӨЖ тапсырмасы ретінде қарастырылған және ұйымдастыруға бағдарланған. Десек те, спорт түрлері бойынша болашақ жаттықтырушы-оқытушының бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыруға бағдарланған тақырыптар көрсетілмеген.

Жоғарыда аталған базалық және мамандыру бойынша оқытылатын пәндердің оқу бағдарламаларын талдау болашақ жаттықтырушы-оқытушыда бақылаушы құзыреттілікті жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған тақырыптар қарастырылмағандығын көрсетті.

Келесі кезекте, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдардың кейбірі талданды. Солардың бірі С. Тайжанов пен А. Қарақовтың «Дене тәрбиесін үйретудің әдістері» оқу құралы [11]. «1.3. Сабақ – тәрбие ісінің негізгі түрі» тақырыбында бақылау-бағалауға қатысты былай деп жазылған: «Педагогтің ұйымдастыру-басқарушылық және бағалаушылық қызметі:

- сабақтың мақсатын белгілеу, оқу-тапсырмаларын түсіндіру, практикалық қимылдың үлгісін көрсету, көмек пен қауіпсіздік шараларын жүзеге асыру, ескертулер мен нұсқаулар беру;

- жаттығу орнын жинастыру және дайындау бойынша іс-қимыл, құрал-жабдықтарды үлестіру және жинап алу;

- жаттығушылар оқу тапсырмаларын орындайтын жердегі басшылық (орналасу, орындау реттері, алмасу), оқушылар қимылын өзара бақылауды және үлгерімді есепке алу;

- үйге берілген тапсырманы айту және сабақтың қорытындысын жасау» [11, 14-б.].

Сонымен қатар, оқушының оқу-танымдық қызметі бақылау-бағалауға қатысты төмендегіше берілген: «... мұғалімнің реттеушілік нұсқаулары және оқу тапсырмаларын орындау ісінде өзін-өзі бағалаудағы оқу-танымдық қызметінің нәтижесі сабақты өткізудің сапалық бағасының басты өлшемі болады» [11, 14-б.]. Көріп отырғандай авторлар ұйымдастырылған оқу-тәрбие, оқу-жаттығу жұмыстары барысында бақылау-бағалауды оқыту керектігін ұсынады.

Т.Ә. Ботағариев пен С.С. Кубиеваның авторлық бірлестікте жазылған «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері» атты оқу құралында бақылау сабақтары туралы жазады [12]. Олар: оқу, жаттықтыру, бақылау, құрастырылған сабақтар.

Сонымен қатар, «Бақылау сабақтары – дене қуаты қасиетін дамыту және оқу материалын игеруді бақылайды. Бұлар негізінен нормативтер алу түрінде өткізіледі» деп сипаттайды [12, 213-б.].

Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудағы білім беру бағдарламаларын анықтаушы (құжаттың өзі, оқу жоспары, оқу бағдарламалары) құжаттарды зерделеу, олардың бақылаушы құзыреттілігін толық мәнді қалыптастыруға бағыттамайтындығын көрсетті.

Бұл өз кезегінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігін қалыптастыру бойынша оқыту мазмұны мен оқу жұмыс түрлерін үйлесімді жүзеге асыру қажеттігін көрсетті. Бұл бағыттағы жүргізілген жұмыстар басқа мақалада мазмұндалады.

Қорытынды

Болашақ жаттықтырушы-оқытушының бақылаушы құзыреттілігінің негізгі өзегі педагогикалық бақылау іскерлігі болып табылатыны белгілі [7, 150-б.]. Осыған байланысты бақылау іскерлігінің негізгі құраушылары бойынша жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру үшін педагогикалық тапсырмалардың төмендегіше анықталады [8, 241-б.]:

1. Оқу-жаттығу жұмыстары мақсаттарына сәйкес бақылау үшін материалды іріктеуді жүзеге асыру.

2. Оқу-жаттығу жұмыстарында орын алатын қателердің пайда болу себептерін анықтау және оларды жою жоспарын жасау.

3. Оқу-жаттығу жұмыстарында орындалатын іс-әрекеттерге түзетуді жүзеге асыру.

4. Ұйымдастырылған оқу-жаттығу жұмыстарын бақылауда өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру.

5. Орындалатын оқу-жаттығу жұмыстарына бағалау критерийлерін белгілеу және оларды пайдалану.

6. Бағалау талдауын қалыптастыру.

Аталған педагогикалық тапсырмаларды орындау үшін алдымен теориялық мағлұматтармен білім алушыларды қамтамасыз ету қажет. Бұл жерде пәнаралық байланыстың мәні жоғары. «Педагогика» және «Бағалаудың өлшемдік технологиялары» курстары бойынша алған білімдерді өзекті ету басымдыққа ие болуы тиіс.

Іскерліктерді қалыптастыруда іскерлік ойындарды кеңінен қолдануды қолға алу керек. Іскерлік ойындар барысында білім алушылардың үдерісті, оның ішінде бақылау үдерісін кеңінен танып білуі мен практикалық дағдыларды меңгеруіне мүмкіндіктер туады.

Педагогикалық тапсырмаларды орындау теориялық білімдерін практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әреттің бағдарлық негізін қалыптастырады.

Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың сапалық қасиеттерін қалыптастыру білім беру бағдарламасындағы «Өзін-өзі ұйымдастыру», «Өзін-өзі жетілдіру» құзыреттерін қалыптастыру аясында барлық педагогикалық, әдістемелік пәндер аясында жүзеге асырылу шарты. Сонымен қатар, өзін-өзі бақылау мен бағалауды, өзін жетілдіруді жүзеге асыру қабілеттілігін қалыптастыру үшін студенттердің өзіндік және оқытушының басшылығымен орындайтын өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы жоғары.

Сонымен, теориялық талдау негізінде болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың бақылаушы құзыреттілігін қалыптастырудың төмендегідей жолдарын атап көрсетуге болады:

- оқыту мазмұнын жетілдіру (оқу материалдары тұрғысынан);
- педагогикалық тапсырмаларды кеңінен қолдану;
- іскерлік ойындарды пайдалану;
- интербелсенді әдістерді қолдану;
- пәнаралық байланыс оқу материалдары мен іскерліктерін кіріктіру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мешев И.Х. Формирование методической компетентности и культуры преподавателя физической подготовки вуза в процессе повышения квалификации [Электронный ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-metodicheskoy-kompetentnosti-i-kultury-prepodavatelya-fizicheskoy-podgotovki-vuza-v-protse-povysheniya-kvalifikatsii>
2. Маринченко К.А. Формирование компетентности профессионально-личностного самосовершенствования будущих преподавателей физической культуры в вузе: автореф. ... канд. пед. наук. – Орел, 2012. – 24 с.
3. Никифоров Н.В. Формирование профессиональной компетентности будущих педагогов-тренеров по вольной борьбе: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Якутск, 2009. – 25 с.
4. Омаров Б.С. Болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың ұйымдастыру-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру (ұлттық спорт материалында): филос. док. (PhD) ... дис. – Түркістан, 2015. – 187 б.
5. Набуова Р.А., Жубандыкова А.М. Бағалаудың өлшемдік технологиялары: Оқу құралы. – Алматы: ҚызМҚПУ, 2019. – 260 б.
6. Tuna S., Boranbayeva A., Isaev A., Isaev G., Mussabekova G. Preparing future teachers to evaluate learning outcomes // *Opción*, Año 35, Regular No.90-2 (2019): 385-402 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385. – P. 385–402.
7. Ортаев Б.Т., Исаев А.И., Туна С. Болашақ мұғалімдердің бақылау іскерліктерін қалыптастыру қажеттілігі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2020. – №2 (116). – Б. 148–159.
8. Ортаев Б.Т., Исаев А.И. Болашақ жаттықтырушы-оқытушының бақылаушы құзыреттілігінің мәні мен мазмұны // *Қазақстанның ғылымы мен өмірі*. – 2020. – №12/9. – Б. 238–242.
9. 5B010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша ҚР МЖМБС 6.08.064-2010. – Астана, 2010. – 43 б.

10. Типтік оқу бағдарламасы. 050108.01 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы. Дене шынықтыру және спорт педагогикасы. – Алматы, 2011. – Б. 6–13.
11. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесін үйретудің әдістері. – Алматы: ССК, 2008. – 316 б.
12. Ботағариев Т.Ә., Кубиева С.С. Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері: Оқу құралы. – Алматы: ССК, 2017. – 228 б.

REFERENCES

1. Meshev I.H. Formirovaniye metodicheskoy kompetentnosti i kultury prepodavatelya fizicheskoy podgotovki vuza v processe povysheniya kvalifikatsii [Formation of methodological competence and culture of a university physical training teacher in the process of professional development] [Electronic resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-metodicheskoy-kompetentnosti-i-kultury-prepodavatelya-fizicheskoy-podgotovki-vuza-v-protse-povysheniya-kvalifikatsii>
2. Marinchenko K.A. Formirovaniye kompetentnosti professionalno-lichnostnogo samosovershenstvovaniya budushih prepodavateley fizicheskoy kultury v vuze: avtoref. ... kand. ped. nauk. [Formation of competence of professional and personal self-improvement of future teachers of physical culture at the university: abstract ... Candidate of Pedagogical Sciences]. – Orel, 2012. – 24 s. [in Russian]
3. Nikiforov N.V. Formirovaniye professionalnoy kompetentnosti budushih pedagogov-trenerov po volnoy borbe: avtoref. ... kand. ped. nauk: 13.00.01 [Formation of professional competence of future teachers-coaches in freestyle wrestling: abstract. ... Candidate of Pedagogical Sciences]. – Yakutsk, 2009. – 25 s. [in Russian]
4. Omarov B.S. Bolashaq jattyqtirushy-oqytushylardin uymdastyru-adistemelik quziretiligin qalyptastiry (ultiq sport materyalinda): filos. dok (PhD) ... dis. [Formation of organizational and methodological competence of future coaches-teachers (in the material of National Sports): Philos. Doc. (PhD) ... dis.] – Turkistan, 2015. – 187 b. [in Kazakh]
5. Nabuova R.A., Jubandykova A.M. Bagalaudyn olshemdik tehnologyalary: Oqu quraly [Measuring assessment technologies: a textbook]. – Almaty: KyzMQPU, 2019. – 260 b. [in Kazakh]
6. Tuna S., Boranbayeva A., Isaev A., Isaev G., Mussabekova G. Preparing future teachers to evaluate learning outcomes // Opción, Año 35, Regular No.90-2 (2019): 385-402 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385. – P. 385–402.
7. Ortaev B.T., Isaev A.I., Tuna S. Bolashaq mugalymderdin baqilau iskerlikterin qalyptastiru qajetiligi [On the Need for the Formation of Control Skills of Future Teachers] // Yasau universitetinin habarshisi. – 2020. – №2 (116). – B. 148–159. [in Kazakh]
8. Ortaev B.T., Isaev A.I. Bolashaq jattyqtirushi-oqytushinin baqilaushi quziretiliginin mani men mazmuni [The essence and content of the supervising competence of the future coach-teacher] // Qazaqstannyn gylymy men omiri. – 2020. – №12/9. – B. 238–242. [in Kazakh]
9. 5B010800 – Dene shynyqtyru jane sport mamandigy boyynsha QR MJMBS 6.08.064-2010 [The state mandatory standard of the Republic of Kazakhstan in the specialty 5B010800-Physical culture and sports]. – Astana, 2010. – 43 b. [in Kazakh]
10. Tiptik oqu bagdarlamasy. 050108.01 – Dene shynyqtiru jane sport mamandigy. Dene shynyqtiru jane sport pedagogikasy [A typical curriculum. Specialty 050108.01 – Physical culture and sports. Pedagogy of physical culture and sports]. – Almaty, 2011. – B. 6–13. [in Kazakh]
11. Tayjanov S., Qaraqov A. Dene tarbyesin uiretudin adistery [Methods of physical education]. – Almaty: SSK, 2008. – 316 b. [in Kazakh]
12. Botagariyev T.A., Kubieva S.S. Dene shinitiru teoryasy men adistemesyinin jalpy negizdery: Oqu quraly [General fundamentals of the theory and methodology of physical culture: textbook]. – Almaty: SSK, 2017. – 228 b. [in Kazakh]